



## БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 28 қазан

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 435

город Караганда

**Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

2020-2023 жылдарға арналған Бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицидтік мәселелерді шешу жөніндегі Жол картасын іске асыру аясында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қарағанды облысында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. «Сарыарқа Дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының (бұдан әрі - АҒПО) директоры Н.Ж.Ашықбаевқа:

1) іс-шаралар жоспарына сәйкес психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қатысушыларға арналған оқу семинарлары мен тренингтер өткізу;

2) орта білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысын, оның ішінде кәмелетке толмағандардың және тәуелділік мінез-құлқының алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес зерделеу жүргізу. Мерзімі: 2024 жылғы 20 қаңтарға дейін;

3) балалардың ерте даму мониторингін енгізуді іске асыру. Мерзімі 2023 жылғы 1 желтоқсанға дейін;

3. Аудандық және қалалық білім бөлімдерінің басшыларына:

1) 2023 жылғы 31 қазанға дейін «Сарыарқа дарыны» АҒПО Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу зертханасының мамандарын тарта отырып, білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді іске асыратын мамандардың оқу семинарлары мен тренингтерге қатысуын ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымдарына оқушылардың әлеуметтену динамикасының мониторингін енгізу. Мерзімі 2023 жылғы 1 қазанға дейін;

002320

3) педагогикалық кеңестің күн тәртібіне Оқу-ағарту министрлігінің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін (№61, 377 ОМ бұйрықтары) зерделеуді енгізу. Мерзімі: 2023 жылғы 1 қазанға дейін;

4) білім беру ұйымдарында педагогтерге арналған оқыту семинарларын өткізу кестесі бекітілсін. Мерзімі: 2023 жылғы 6 қарашаға дейін;

5) білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту, олардың дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы үшін 6-8 сынып оқушыларының ата-аналардың жауапкершілігі мәселелері бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізуді ұйымдастыру. Мерзімі 2023 жылғы 1 желтоқсанға дейін;

6) коммуникативтік тренингтер мен психологиялық диагностика жүргізу үшін 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарына педагог-психологтардың әрбір сыныпта жұмыс жүргізуі үшін сынып сағаттарын (4-тен кем емес) бөлу («Психолог сағаты»);

7) педагог-психологтар 6-10 сынып оқушылары, 1 курс студенттері арасында стресске төзімділік пен эмпатияны дамыту бойынша коммуникативтік тренингтер өткізсін. Мерзімі 2024 жылғы 20 қаңтарға дейін;

8) уақтылы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету және білім беру процесі кезінде олардың психозмоционалдық жай-күйін бақылау мақсатында білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, кураторлармен және өндірістік оқыту шеберлерімен жұмыс жүргізу. Мерзімі: 2023 жылғы қыркүйек-қазан, одан әрі мониторинг жүргізу;

9) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар білім беру ұйымын ауыстырған кезде, оның ішінде аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелделік мінез-құлқына бейім болса, психологиялық қызметтердің жұмысындағы сабақтастықты қамтамасыз ету қажет. Мерзімі 2023 жылғы 1 қазанға дейін (және одан әрі жыл бойы);

10) педагог-психологтардың жұмысы үшін қажетті жағдайлар жасау, әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмыс кестесіне сәйкес консультациялар мен топтық тренингтер өткізу үшін кабинет анықтау, психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып, психологиялық диагностика жүргізу үшін интернетке және компьютерлік сыныпқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

11) білім алушылардың аутодеструктивті және бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу жөніндегі жұмыста:

- білім беру ұйымдарының директорларына – жалпы басшылық және бақылау;

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына – жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

- педагог-психологтарға – бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес іс-шараларды өткізу;

- білім бөлімдерінің әдіскерлеріне – білім алушылардың аутодеструктивті және бейәлеуметтік жүріс-тұрыстарының алдын алу үшін іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру және бақылау бойынша жауапкершілік жүктелсін.



3. Кәмелетке толмағандарға қатысты аддикцияларды, буллингті, тұрмыстық зорлық-зомбылықты, суицидті (әрекетті) қалыптастыру себептерін зерделеу, кәсіби көмек көрсету және қолдау, оның ішінде қалалар мен аудандар әкімдіктері жанындағы ведомствоаралық мобильдік топтардың қатысуымен қызметтік тергеу жүргізілетін жұмыстар күшейтілсін.

4. Бала құқықтарын қорғау, қамқоршылық және қорғаншылық бөлімі (А.Е. Қаңтарбаева), техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі (И.Е. Исакова) тоқсан сайын HR+ порталы арқылы девиантты мінез-құлықтың алдын алу мониторингін жүргізісін.

5. Бала құқықтарын қорғау, қамқоршылық және қорғаншылық бөлімі (А.Е. Қаңтарбаева), техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі (И.Е. Исакова), Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы (Б.Х. Әбдікерова), «Сарыарқа Дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы (Н.Ж. Ашықбаев) кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқының алдын алу жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасының басшысының орынбасары А.Т. Бөлкенбаевқа жүктелсін.

**Қарағанды облысының  
білім басқармасының басшысы**



**Г. Қожахметова**